ХАТТАР МАРАФОНЫ

AMNESTY INTERNATIONAL

МАРУА АРАФА

МЫСЫР



ТҰТҚЫНДАРДЫҢ ОТБАСЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН ҚУДАЛАНДЫ

Индекс: MDE 12/1066/2026
Портрет: © Жеке мұрағат
Қосымша суреттер (жоғарыдан солға қарай): © Pexels/Marius Mann, © Pexels/Photobymau, © Pexels/Marius Mann, © Pexels/Harun

МАРУА АРАФА

МЫСЫР



Маруа Арафа – 33 жастағы мысырлық құқық қорғаушы, аудармашы әрі ана. Ол бейбіт азаматтық ұстанымы үшін ғана алты жылдан астам уақыт заңсыз қамауда отыр. Маруа саяси себептермен қамалған адамдардың отбасына және тұтқындалған балаларға қолдау көрсетіп келді. Қызы небәрі екі жаста болғанда, Маруа баласының көз алдында ұсталды. Содан бері қыз бала ана мейірімінсіз өсіп келеді. Қазір 8 жасқа толған қыз анасының қасында болмағанына әлі де қатты қиналады.

Маруаның бар жазығы – қамаудағыларға жанашыр болғаны, балаларға жасалған қиянатқа қарсы шыққаны және сотталғандардың отбасына түрмеге барып-қайту шығынын өтеуге көмектескені еді. 2020 жылы сәуірде Мысырдың қауіпсіздік күштері Маруа тұрып жатқан құрбысының үйіне басып кірген. Олар Маруаны күшпен әкетіп, екі апта бойы еш хабар-ошарсыз ұстаған. Кейіннен оған «терроризмге қатысы бар» деген мүлдем негізсіз айып тақты. Қазіргі кезде оның үстінен әділетсіз сот өтіп жатыр, ал осы жаланың кесірінен ол өмір бойына бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Түрмеде Маруаға тиісті медициналық көмек берілмегендіктен, оның денсаулығы қатты нашарлап кетті. Маруаның бұл жағдайы – Мысыр билігінің бейбіт жиынға қатысушыларды, құқық қорғаушыларды және билікті сынаған кез келген адамды құдалау үшін терроризм туралы заңдарды қалай теріс пайдаланып отырғанын айқын көрсетеді. Дегенмен, Маруа үміт үзбейді. Ол қызына деген махаббаты мен әділдіктің орнайтынына деген сенімінен күш-қуат алады.

Маруа Арафа өзінің негізгі құқықтарын бейбіт жолмен жүзеге асырғаны үшін ғана қамауда отыр. Сондықтан оны ешқандай шарт қоймастан дереу босатуды және оған тағылған барлық айыптың күшін жоюды талап етіңіз.

МЫСЫР ПРЕЗИДЕНТІНЕ ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Маруа Арафа өзінің азаматтық құқықтарын пайдаланғаны үшін ғана қамалғандықтан, оны дереу әрі ешбір шартсыз босатуды талап етіңіз.

МЕКЕНЖАЙЫ: Мысыр Президентіне
Президент кеңсесі
Әл-Иттихадия сарайы
Әл-Нади, Әл-Монтаза, Гелиополис
Каир губернаторлығы 4460210
МЫСЫР

Үндеу хатыңызды өз еліңізде орналасқан Мысыр елшілігіне немесе дипломатия өкілдігіне де жібере аласыз.

ҚАРАТПА СӨЗ: Аса мәртебелі мырза!

EMAIL: p.spokesman@op.gov.eg
X: @AlsisiOfficial
FACEBOOK: www.facebook.com/AlSisiofficial
ХЕШТЕГ: #FreeMarwaArafa, #Egypt, #W4R26

МАРУАҒА ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС ЕКЕНІН БІЛДІРІП, ҮМІТ СЫЙЛАЙТЫН ҚОЛДАУ ХАТЫН ЖАЗЫҢЫЗ

Маруаның бостандыққа шығып, қызымен және анасымен қауышқан сәтін, көп жылдан бері зар болған еркіндігіне жетіп, отбасылық қуанышқа кенеліп жатқан сәтін бейнелеп сурет салып жіберсеңіз де болады.

Қолдау хатын немесе ашық хатты өз еліңіздегі Amnesty кеңсесіне жіберуіңізді сұраймыз. Егер сіздің еліңізде Amnesty өкілдігі болмаса, хатты мына мекенжайға жолдаңыз:

МЕКЕНЖАЙЫ: Маруа Арафа
Amnesty International ұйымы арқылы
Питер Бененсон ғимараты
Истон көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW
ҰЛЫБРИТАНИЯ

FACEBOOK: www.facebook.com/FreeMarwaArafa
HASHTAGS: #FreeMarwaArafa, #Egypt, #W4R26

Индекс: MDE 12/1066/2026
Сурет: © Жеке мұрағат